

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 1 (2021)

ПАВЛОДАР

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета**

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/RPSN2986>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.

д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора

Абыкенова Д. Б., *PhD доктор*

Ответственный секретарь

Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,

д.п.н., профессор

Жумагаева Е.,

д.п.н., профессор

Абибулаева А. Б.

д.п.н., профессор

Фоминых Н. Ю.,

д.п.н., профессор (Россия)

Снопкова Е. И.,

к.п.н., профессор (Белоруссия)

Мирза Н. В.,

д.п.н., профессор

Донцов А. С.,

доктор PhD

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/YOLH1729>

Н. Т. Дүйсенова*, Г. Б. Исабекова

М. Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Қазақстан Республикасы, Тараз қ.

МАЗМҰН МЕН ТІЛДІ КІРІКТІРІП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ (CLIL): ТАРИХЫ, ЗЕРТТЕУЛЕР, ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ҚАФИДАЛАРЫ, НӘТИЖЕЛЕРІ

Мақалада қазіргі кезде білім беру саласында өзекті орын алып отырған шетел тілі мен пән мазмұнын кіріктіріп оқуда қолданылып келген көптеген әдістердің басын құрайтын инновациялық технология CLIL әртүрлі тұрғыдан қарастырылады. CLIL технологиясының шығу тарихына, пайда болуының алғы шарттарына шолу жасалынды. Кіріктіріп оқытудың негізгі екі моделі Immersion және SVLT жан-жақты қарастырылып, оның hard және soft түрлері мен CLIL концепциясына, қолдану барысында қол жеткізілетін жалпы нәтижелерді сипаттайтын екі маңызды тұжырымдама BICS пен CALP сипаттама берілді. Тіл мен мазмұнды қатар меңгеруді мақсат ететін жаңа педагогикалық тәсіл ретінде CLIL ұғымына байланысты ғалымдардың пікірлері мен тұжырымдары келтіріліп, CLIL маңызы сарпатталды. Бұл тәсіл болашағы зор инновациялық технология және оны жүйелі түрде әрі сауатты қолдана білген жағдайда оқу процесін сапалық жағынан жақсартуға үлесін қосады.

Кілтті сөздер: CLIL, тіл мен мазмұнды кіріктіріп оқыту, билингвалды оқыту, пән аралық байланыс, инновациялық технология.

Кіріспе

XXI ғасырда ілгерілеудің негізі білім мен ғылымда екені анық. Ал, тіл үйрену – білім мен ғылым жолындағы игілікті істің бірі. «Өрбіреудің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік дағуасына кіреді ...», – деп Абай өзге тілдің адамға не беретінін дәл айтқан [1]. Демек, өзіміз ғылым мен білімді меңгеру үшін, өзімізден озық тұрған елдермен деңгейлес болу үшін де шетел тілін меңгерудің маңызы зор екенін Президент Қ. Тоқаев «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында айтты [2].

Көптілді және билингвалды білім беру үлгісін енгізудің идеялық негізіне Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың: «Бізге кейбір пәндерді мектепте оқыту бір мезгілде қазақ тілінде де, орыс тілінде де жүргізілуі туралы ойласу керек. Бұл – біздің бүкіл білім беру жүйеміз үшін жаңа міндет», - деген сөздері басшылыққа алынған [3].

Еліміздің білім беру жүйесінің алдына үш тілді – мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілін және әлемдік экономикаға үйлесімді кірігу тілі ретінде ағылшын тілін меңгерген, бәсекеге қабілетті жастар тәрбиелеу міндеті қойылды. Соңғы кезде академиялық ұтқырлықтың дамуы, орта және жоғары білім саласында интегративтік процесстер, тұрғындар миграциясы билингвалды оқытудың өзектілігінің артуының алғышарты болып отыр. Билингвалды білім әлемде кеңінен таралып, билингвалды оқыту проблемаларын зерттеумен айналысатын ғылыми және әдістемелік орталықтар құрылып, оны оқытудың әртүрлі сатыларында қолданудың алуан модельдері мен технологиялары жасалуда. Осындай ағылшын тілін оқу мен оқытудың заманауи әдістерінің бірі – *CLIL (Content and Language Integrated Learning)*.

Материалдар мен әдістер

CLIL – оқытуда екі бағытты қамтитын тәсіл, яғни шетел тілін пән мазмұны мен шетел тілін оқу мен оқытуда бірдей қолдану [4]. Бұл тәсіл шетел тілін немесе пән мазмұнын оқудың жаңа формасы емес, ол бұған дейін қолданылып келген көптеген әдістердің басын құрайтын инновациялық технология. CLIL Еуропада 1990 жылдардың орта шешінде басқа тілдер мен пән мазмұнын кіріктіре оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдерді бірыңғай ортақ концепцияға жұмылдыру мақсатында пайда болған.

CLIL технологиясын толық түсіну үшін оның әртүрлі елдерде дамуының алғы шарттарын қарастырған жөн. Д.Койлдың айтуынша, CLIL – билингвизм идеяларының әсерінің, шетел тілін екінші шет тілі ретінде меңгеру идеяларының, когнитивті оқыту теориясы мен конструктивизм нәтижесі [5].

«CLIL» термині тоқсаныншы жылдардың орта шенінде пайда болғанына қарамастан, мүлдем жаңа құбылыс емес. Адамдар мындаған жылдар бұрын да көптілді қоғамдарда өмір сүрген. Билингвизм, ал кей жағдайда тіпті полилингвизм күн көрістің амалы болды. Билингвалды оқыту ең алдымен бірнеше мемлекеттік тілі бар мемлекеттерде пайда болды. Мысалы, Люксембургте балалар бастауыш мектепте неміс тілін оқыса, орта буыннан бастап француз тілін үйренген. Ал 1843 жылы билингвалды оқыту стандарты заңды түрде енгізіліп, француз тілі бастауыш мектептен бастап оқытыла бастады.

1970 жылдарға дейін тіл мен мазмұнды кіріктіріп оқыту бағдарламаларын дайындау географиялық, демографиялық және экономикалық сипаттағы алғышарттардың қажеттігінен туындады және арнайы лингвистикалық аймақтарда (көршілес елдер немесе үлкен қалалардың шекарасында) қолданыс тапты. Мақсаты – балалардың билингвалды сипаттағы нұсқаулыққа сүйене отырып шетел тілінде сөйлеушілермен етене араласуы арқылы тіл үйренуге көмектесу болды.

Нәтиже мен талқылау

Тарихи тұрғыдан алғанда CLIL пайда болуының алғы шарты өткен ғасырдың 70-жылдарында Канадада француз тілді ортаға толығымен бойлау (Immersion) деп аталатын бағдарламадан бастау алды деп саналады. Бұл бағдарлама ағылшын тілді оқушылардың екінші француз тілін меңгеру қажеттігінен туындаған болатын. Ағылшын тілді оқушылар математика, география сынды пәндерді француз тілді оқушылармен бірге қосылып француз тілінде оқыды. 1970-1980-жылдары Immersion (тілдік ортаға бойлау) билингвалды оқытуға синоним ретінде қолданыла бастады.

«Канадалық тілдік ортаға бойлау» моделі (Immersion) оның басқа елдерге таралуына және білім берудің барлық сатыларына – бастауыш мектептен бастап университетке дейін таралуы, кемелденуі және модернизациялануына себеп болды. Кіріктірілген оқыту бағдарламалары тіл саясатын дамытудан мүдделі еуропалықтардың да назарынан тыс қалмады. 1978 жылы Еурокомиссия мектептерде оқыту бірнеше тілде жүргізілуі тиіс деген ұсыныс жасады [6]. CLIL акронимін 1994 жылы Финляндияның Ювяскюля университетінің ғалымы, көптілді және билингвалды білім беру саласының зерттеушісі Давид Марш Еуропадағы тілдік оқытудың жағдайын зерттеуді координация жасау жұмысы барысында алғаш қолданысқа енгізді [7]. Сол кезден бастап бұл акроним Еуропада шетел тілі мен пән мазмұнын кіріктіріп оқыту бағдарламалары үшін ең жиі қолданылатын терминге айналды.

«CLIL refers to the teaching of a current subject other than foreign languages in more than one language» деп анықтама береді EURYDICE [8]. Бұл анықтаманы Давид Марш ары қарай былайша аша түседі: «CLIL is a dual-focused approach in which an additional language is used for the learning and teaching of both content and language» [9]. CLIL термині Еуропаның көптеген елдерінде өзгеріссіз осы ағылшын тіліндегі акроним түрінде қолданылса, кей елдерде оның мағыналы аудармасы қолданысқа енген, атап айтқанда, Францияда EMILE (Enseignement d'une Matière Intégrée dans une Langue Etrangère), Испанияда AICLE (Apprendizaje Integrado de Contenidos y Lenguas Extranjeras) немесе Италияда AILC (Apprendimento Integrato di Lingua et Continuti). Билингвалды пән сабағы деген термин Германияға тән.

Бұл термин бүгінде неміс тілді мемлекеттердің арасында тек Германияда ғана қолданыста қалып отыр, Австрия мен Швейцарияда CLIL ұғымы қолданылып жүр. Сондай-ақ *билингвалды пән сабағы* дегеннің орнына *шетел тіліндегі пән сабағы* деген ұғым да жиі қолданылады.

CLIL негізінен мазмұнды өзге тілде оқытуды мақсат ететін кіріктірілген тәсіл ретінде танылып отыр. CLIL тіл мен мазмұнды қатар меңгеруді мақсат ететін жаңа педагогикалық тәсіл [4]. Бұл технологияда оқу мен оқыту қосымша тілдің көмегімен жүзеге асырылады. Оның бірегейлігі – мазмұн мен тілдің инновациялық синтезі «innovative fusion of both» болып табылуында [4]. Еуропалық ғалымдар Д. Койл мен Д. Марштын еңбектерінде келесідей анықтамалар беріледі: CLIL педагогикалық парадигма, ол пән мазмұнымен (мысалы, физика) қатар тілді бірдей үйрену дегенді білдіреді және екінші тілді меңгеруді жақсарту және екінші тілдің көмегімен тілдік емес салада, яғни тілдік емес пән бойынша, білім мен дағдыны дамытуды мақсат етіп, оқушыларға тілді дамытуға табиғи жағдай жасай алады және бұл оқушыларды тіл үйренуге ынталандырады [9; 4], өйткені CLIL сабағының мазмұны оқушылар үшін коммуникативтік тілдік сабақ мазмұнына қарағанда әлдеқайда маңыздырақ [4]. Бұған қоса, кейбір пәндерді шетел тілінде үйрену әлдеқайда тиімдірек деген де пікір бар [10].

Charles университетінің (Прага) ғалымы Lenka Tejkalova Prochazkova «Mathematics for language, language for mathematics» атты мақаласында CLIL математика пәнін терең түсінуге ықпал етіп, мәселенің мән-жайына терең үңіліп пайымдауға, басқаша айтқанда, математиканы шетел тілінде үйрену оқушыларға мазмұнға әртүрлі тұрғыдан қарауға мүмкіндік беретінін мысалмен көрсетіп береді; жаңа лексикадан қосымша ассоциациялар пайда болады; пән мазмұнын шетел тілінде оқыту пәнге деген қызығушылықты арттырып, пәнді тереңірек түсінуге жол ашады; шетел тілі оқушылардың назарын пәннің мәнін түсінуге аударады [11].

Шетелдік авторлар CLIL негізінде білім алып жатқан оқушылар өз ойларын анық та айқын жеткізе алады, бұл өз кезегінде оларда ақыл-ой жұмысын ынталандырады, сондай-ақ олар аса жоғары оқу құзыреттіліктеріне қол жеткізеді деген қорытынды жасайды [12].

Қазақстанда CLIL жаңа педагогикалық практика болғандықтан мұғалімдер жан-жақты дайындық пен қосымша қолдауды қажет ететіні түсінікті. Дегенмен, Назарбаев зияткерлік мектептері мен Білім-инновация лицейлерінде, дарынды балаларға арналған мектептерде біраз жылдан бері там-тұмдап қолға алынып келе жатқан CLIL оқушыларға оқу пәні мазмұнын меңгеруге және тілдік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді [13]. Бұл

Еуропада шетел тілін оқу мен оқытуда кеңінен қолданыс тауып отырған танымал әдіснама.

CLIL жайлы айтқанда, мазмұн мен тілді кіріктіріп оқытудың екі түрлі жолына тоқтала кеткен жөн. Бұл CLIL ерекшелігін түсінуімізге көмекеседі.

Билингвалды оқу мен оқыту Immersion деген ұғыммен қосақталып жүреді. Бұл ұғым канадалық контекстен алынған. Immersion тілдік ортаға толығымен бойлау дегенді білдіреді [7]. Мұнда мазмұн тек қана шетел тілінде оқытылады, ал шетел тілі сабақтың мазмұны емес, амалы ретінде қарастырылады. Оқушылар жаңа фактологиялық материалды меңгеру барысында кездескен жаңа сөздерді тілдік паттерн (лексикалық және грамматикалық) ретінде есте сақтайды.

Бұл амалдың ерекшелігі мынада: біріншіден, тәсілдің мақсаты тіл емес, мазмұн, екіншіден, мұндай пәнді шетел тілін жетік білетін немесе ағылшын тілі ана тілі болып табылатын пән мұғалімі жүргізеді, үшіншіден, оқушылардың тілдік емес, керісінше, пәндік білімі бағаланады.

Бұған қарама-қайшы тәсіл *CBLT (Content-Based Language Teaching)* деп аталады. Бұл бөрімізге таныс, дәстүрлі тәсілге ұқсайды, яғни тіл оқытуды мақсат етіп, мазмұн – осы мақсатқа жеткізетін материал болады. Бұл әдіс кез келген тіл мұғаліміне жарайды және оқушылардың пәндік емес, тілдік құзыреттіліктері бағаланады.

CLIL да пәндік компонент пен тілдік материалдың үлес салмағына қарай *hard* және *soft* деп екіге бөлінеді.

hard-CLIL негізгі ерекшеліктері:

- 1 Сабақты кестеге сәйкес пән мұғалімі жүргізеді.
- 2 Тілдік компонент пән мазмұнымен үйлеседі және тілдік компонентті анықтайтын – мазмұн.
- 3 Пәнді үйренумен қатар едәуір дәрежеде тіл үйренуді мақсат етеді.
- 4 Негізінен пән мазмұнының меңгерілуі бағаланады, алайда тіл де назардан тыс қалмайды, ол да бағаланады.


Ал, *soft*-CLIL ерекшеліктері төмендегідей:

- 1 Кестеге сәйкес сабақты ағылшын тілі мұғалімі жүргізеді.
- 2 Нақты бір пәннің тақырыптық материалдарын қолдана отырып жалпы тілдік курс оқытылады.
- 3 Мақсат – тіл меңгеру.
- 4 Шетел тілін меңгеру деңгейі бағаланады.

Сонымен, елімізде бүгінгі мектеп жағдайында, яғни шетел тілін жетік меңгерген пән мұғалімдерінің тапшылығын, мемлекет тарапынан ұйымдастырылған пән мұғалімдерінің тілдік құзыреттіліктерін арттыруға арналған ағылшын тілі курстарынан өткен мұғалімдерге әлі де болса тілдік

құзыреттіліктерін жетілдіре түсу керегін ескере отырып, soft – амалды қолдану әлдеқайда ақылға қонымды. Дегенмен, тілді тереңдетіп оқытқан жағдайда hard – амалды қолдануға болады.

Мазмұн мен тілді кіріктіріп оқыту тәсілі Д.Койл ұсынған 4 «С» принципімен реттеледі (Сурет 1). Онда шетел тілінде мазмұнды оқыту процесіне 4 компонент кіріктірілуі қажет: Content (мазмұн), Communication (коммуникация), Cognition (таным), Culture (мәдениет). Схема түрінде Д.Койл 4 «С» принципі үшбұрышты пирамида түрінде көрсетеді. Communication (коммуникация) компоненті осы пирамиданың дәл ортасында орналасқан, бұл қалған компоненттер (Content, Cognition, Culture) қарым-қатынас пен коммуникация арқылы жүзеге асырылуы қажет екенін көрсетеді [14].



The 4Cs framework for CLIL (Coyle, 2005).

Сурет 1

Сонымен, CLIL тәсілінің 4 Cs деп аталатын төрт негізгі қағидасына тоқталатын болсақ, Content (мазмұн) оқып жатқан пәннің (физика, химия, биология, информатика) мазмұнын қамтитын компонент. Communication (коммуникация) пән бойынша іскерліктерді ауызша және жазбаша формада қолдана білу қажеттігімен байланысты. Осылайша, оқушылар өзара қарым-қатынас жасауға ынталандырылады. CLIL STT (student talking time – оқушылардың ауызша белсенділік уақыты) арттырып, TTT (teacher talking time – мұғалімнің сөйлеу уақытын) қысқартуға тырысады. Оқушылармен кері байланыс пен рефлексияға екпін жасалады. Cognition (таным), яғни CLIL когнитивті немесе танымдық белсенділікті ынталандырып, сын тұрғысынан ойлау, фактілерді бағалау, себеп пен салдар арасындағы байланысты іздеу,

т.б. қамтиды. Culture (мәдениет) мәдени құзыреттілікті, өзінді және өзгелерді түсінуді қамтамасыз ету арқылы әртүрлі мәдени контекстпен танысуға көмектесетін компонент.

Енді CLIL қолдану барысында қол жеткізілетін жалпы нәтижелерді сипаттайтын екі маңызды тұжырымдамаға – BICS пен CALP тоқталайық. Бұл тұжырымдамалардың авторы канадалық ғалым Джим Камминс ([15]. BICS (Basic Interpersonal Communication Skills) базалық тілдік құзыреттіліктер болып табылады. Камминстің пікірінше, оған CLIL тәсілін қолданып оқыту барысында 2–5 жылда қол жеткізуге болады. Базалық негізгі құзыреттіліктерді меңгерген оқушы әртүрлі тақырыптарға күнделікті тілдік ситуацияларда коммуникация жасай алады. Бұл құзыреттілік формалды емес коммуникацияға байланысты. Сонымен, тіл мен пән мазмұнын тереңдетуге болады және CALP (Cognitive Academic Language Proficiency) деп аталады, яғни, университеттік білімге жақын, академиялық ағылшын тілін меңгеру деген сөз. Мұнда абстрактылы тақырыптарға ой бөлісу, күрделі грамматикалық құрылымдар мен арнайы сөздік қорды қолдану қабілеті пайда болады. CALP барлық тілдік құзыреттіліктерді: жазылым, оқылым, сөйлеу және тыңдалымды – анағұрлым күрделі академиялық деңгейде қамтиды. Мұндай құзыреттіліктерді қалыптастыру 5-7 жыл уақытты қажет етеді. Демек, қарапайым мектеп жағдайында CALP іс жүзінде мүмкін емес, ал BICS қол жетімді әрі оқу бағдарламасының талаптарына да сәйкес келеді.

Қорытынды

Қорыта келе, әлемдік педагогикалық практикада кеңінен қолданыс тауып, үлкен сұранысқа ие болып отырған CLIL Қазақстанда жаңа педагогикалық практика ретінде мұғалімдерден жан-жақты дайындық пен мемлекет тарапынан қосымша қолдауды қажет етеді, сондықтан бұл тәсіл болашағы зор инновациялық әдіс екенін атап өткіміз келеді. Оны жүйелі түрде әрі сауатты қолдана білген жағдайда оқу процесін сапалық жағынан жақсартуға үлесін қосады. CLIL әлемдік тәжірибесін зерделей келе, қазақстандық білім беру жүйесіне сәйкес келетін отандық модель үлгілерін жасап, оқу процесіне кезең-кезеңімен енгізетін уақыт келді.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Құнанбаев, А.** Қара сөздер. – Алматы, 1995. – 128 б.
- 2 **Тоқаев, Қ.** «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан». – Егемен Қазақстан, 10 қаңтар, 2020 ж.
- 3 Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы // Ана тілі. – 2007. – №7 (896). – 1,7–10 б.

4 **Coyle, D., Hood, P., & Marsh, D.** CLIL: Content and language integrated learning. Cambridge : Cambridge University Press, 2010. -184p. ISBN-10: 0521130212.

5 **Dale, L., Wibo Van Der ES, W. Tanner, R.** CLIL Skills. Leiden: ILCON, Universiteit Leiden, 2010. – 272 p. – ISBN: 9789070910501 9070910500.

6 **Marsh, D.** CLIL/EMILE – The European Dimension: Actions, Trends & Foresight Potential. Brussels, European Commission, 2002. – 204p.

7 **Dale L., Tanner R.** CLIL Activities. Resource for Subject and Language Teachers / Ed. S. Thornburry. Cambridge: Cambridge University Press, 2012. - 294 p. – ISBN: 0521194843.

8 EURYDICE 2006: Content and Language Integrated Learning at Schools in Europe. Directorate-General for Education and Culture: Brüssel.

9 **Marsh D., et al**, 2010: European Framework for CLIL Teacher Education. A framework for the professional development of CLIL teachers. European Centre for Modern Languages: Graz. https://www.unifg.it/sites/default/files/allegatiparagrafo/20-01-2014/european_framework_for_clil_teacher_education.pdf

10 **Gajo, L.**,Linguistic knowledge and subject knowledge: how does bilingualism contribute to subject development? International Journal of Bilingual Education. Bilingualism 10, 563-581. 2007.

11 **Tejkalova Prochazkova, L.** «Mathematics for language, language for mathematics» European Journal of Science and Mathematics Education, v1 n1 p.23-28 2013.

12 **Vollmer, H. J.** Language Across the Curriculum, Universität Osnabrück, Intergovernmental Conference Languages of Schooling: towards a Framework for Europe Strasbourg 16-18 October 2006.

13 **Kakenov, R.** Teachers' experiences of using CLIL in Kazakh language classrooms. NUGSE Research in Education, 2(2), 21-29. (2017). Retrieved from nugserie.nu.edu.kz.

14 **Coyle, D.** (1999). Theory and planning for effective classrooms: supporting students in content and language integrated learning contexts. In J. Masih (Ed.), Learning through a foreign language .London: CILT. Key data on teaching languages at schools in Europe. (2008) Brussels: Eurydice network.

15 Four differences between BICS and CALP (and Why?) Электрондық ресурсы <https://www.clilmedia.com/four-differences-between-bics-and-calp-and-why/> қарау датасы: 15.01.2020.

References

1 **Kunanbayev, A.** Qara sözder. [The Book of Words]. Almaty, 1995. – 128 p.

2 **Tokaev, K.** «Abai jane XXI gasyrdagy Kazakhstan» [Abai and Kazakhstan in XXI century]. – Egemen Kazakhstan, 10 January 2020.

3 Qazaqstan Respublikasynyng presidenti N.A.Nazarbayevtyng Qazaqstan halqyna joldaуy [Address by the President of the Republic of Kazakhstan to the people of Kazakhstan]. – Ana tili. – 2007. – №7 (896). – P.1,7-10.

4 **Coyle, D., Hood, P., & Marsh, D.** CLIL: Content and language integrated learning. [Text]. – Cambridge : Cambridge University Press, 2010. -184 p.

5 **Dale, L., Wibo Van Der ES, W. Tanner, R.** CLIL Skills. – Leiden: ILCON, Universiteit Leiden, 2010. – 272 p.

6 **Marsh, D.** CLIL/EMILE – The European Dimension: Actions, Trends & Foresight Potential. – Brussels, European Commission, 2002. – 204 p.

7 **Dale L., Tanner R.** CLIL Activities. Resource for Subject and Language Teachers/Ed. S. Thornburry. – Cambridge : Cambridge University Press, 2012. – 294 p.

8 EURYDICE 2006: Content and Language Integrated Learning at Schools in Europe. Directorate-General for Education and Culture: Brüssel.

9 **Marsh D., et al.** European Framework for CLIL Teacher Education. A framework for the professional development of CLIL teachers. European Centre for Modern Languages: Graz – 2010. Retrieved from https://www.unifg.it/sites/default/files/allegatiparagrafo/20-01-2014/european_framework_for_clil_teacher_education.pdf

10 **Gajo, L.** Linguistic knowledge and subject knowledge: how does bilingualism contribute to subject development? International Journal of Bilingual Education. Bilingualism 10. – 2007. – P. 563–581.

11 **Tejkalova Prochazkova, L.** «Mathematics for language, language for mathematics» European Journal of Science and Mathematics Education, v1. – 2013. – P. 23–28.

12 **Vollmer, H. J.** Language Across the Curriculum, Universität Osnabrück, Intergovernmental Conference Languages of Schooling: towards a Framework for Europe. – Strasbourg – 16-18 October, 2006.

13 **Kakenov, R.** Teachers' experiences of using CLIL in Kazakh language classrooms. NUGSE Research in Education, 2(2). – P.21-29. (2017). Retrieved from nugserie.nu.edu.kz.

14 **Coyle, D.** (1999). Theory and planning for effective classrooms: supporting students in content and language integrated learning contexts. In J. Masih (Ed.), Learning through a foreign language. – London : CILT. Key data on teaching languages at schools in Europe. – Brussels : Eurydice network.

15 Four differences between BICS and CALP (and Why?) Retrieved from <https://www.clilmedia.com/four-differences-between-bics-and-calp-and-why/>.

Материал 15.03.21 баспаға түсті.

*Н. Т. Дуйсенова**, *Г. Б. Исабекова*

Таразский региональный университет имени М. Х. Дулати,

Республика Казахстан, Тараз.

Материал поступил в редакцию 15.03.21.

ПРЕДМЕТНО-ЯЗЫКОВОЕ ИНТЕГРИРОВАННОЕ ОБУЧЕНИЕ (CLIL): ИСТОРИЯ, ИССЛЕДОВАНИЯ, ОСОБЕННОСТИ, ПРИНЦИПЫ, РЕЗУЛЬТАТЫ

В статье рассматриваются различные подходы инновационной технологии CLIL, объединяющей разнообразные методы применения предметно-языкового интегрированного обучения. Был проведен обзор истории происхождения CLIL. Две основные модели интегрированного обучения Immersion и CBLT были рассмотрены всесторонне, даны характеристики концепции CLIL, hard- и soft-CLIL, BICS и CALP – как двум важнейшим результатам, достигнутым в ходе применения данного подхода. В качестве нового педагогического подхода по овладению языком и содержанием предмета одновременно были приведены мнения и выводы ученых, связанные с понятием CLIL, проанализировано значение CLIL. Данный подход является перспективным инновационным методом и способствует качественному улучшению учебного процесса в случае его систематического и грамотного использования.

Ключевые слова: CLIL, предметно-языковое интегрированное обучение, билингвальное обучение, межпредметная связь, инновационная технология.

*N. T. Duisenova**, *G. B. Issabekova*

Taraz Regional Dulaty University,

Republic of Kazakhstan, Taraz.

Material received on 15.03.21.

CONTENT AND LANGUAGE INTEGRATED LEARNING (CLIL): HISTORY, RESEARCH, FEATURES, PRINCIPLES, RESULTS

The article discusses various approaches of innovative technology CLIL, which currently occupies an important place in the field of education, contains many methods of content and language integrated learning. A review of the history of the origin of CLIL, the background of its origin

was conducted. Two main models of integrated learning Immersion and CBLT were comprehensively reviewed, two most important concepts that characterize the concept of CLIL and its hard and soft types, the characteristics of BICS and CALP the overall results achieved during the application. As a new pedagogical approach to mastering the language and content, the opinions and conclusions of scientists related to the concept of CLIL were presented, and the meaning of CLIL was analyzed. This approach is a promising innovative method and contributes to the qualitative improvement of the educational process in the case of its systematic and competent use.

Keywords: CLIL, Content and Language Integrated Learning, Bilingual Education, inter-subject communication, innovative technology

Теруге 15.03.2021 ж. жіберілді. Басуға 29.03.2021 ж. кол қойылды.

Электронды баспа

2,30 Мб RAM

Шартты баспа табағы 15,8.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3748

Сдано в набор 15.03.2021 г. Подписано в печать 29.03.2021 г.

Электронное издание

2,30 Мб RAM

Усл.п.л. 15,8. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3748

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

pedagogic-vestnik.tou.edu.kz